

ӘОЖ 94(574.54)

ГТАХР 03.91.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).125

¹ Жолдасұлы Т., ² Сайлау А.Қ.¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан² Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: zholdassuly2018@gmail.com, Askhat.Saylau@mail.ru

СЫР ӨңІРІНДЕГІ АХУН-ИШАНДАРДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: СОВЕТТІК КЕЗЕҢНЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

Аңдатпа. Мақалада Сыр өңірінде шамамен XVIII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы аралығында өмір сүрген «қожа», «ишан», «ахун» атанған діни тұлғалардың рухани мұрасының тарихы туралы баяндалады. Олардың советтік кезеңнен аман-есен жеткен сирек кездесетін кітаптары, қолжазбалары мен заттай жәдігерлері арнайы экспедициялар барысында анықталған еді. Сыр өңірінде өмір сүрген дін өкілдерінің өмірі, советтік кезеңнен бізге жеткен олардың рухани мұрасы зерттелмеген тың мәселе. Сондықтан да аталған кезеңде Сыр өңірінде өмір сүрген ахун-ишандардың бізге жеткен рухани мұрасының маңыздылығын ашып көрсету және оларға сипаттама беру зерттеу жұмысының басты мақсатына жатады. Советтік кезеңдегі атеистік шабуылға қарамастан ол мұраларды сақтап, бізге жеткізе білген ахун-ишан ұрпақтарының қолындағы заттай деректерді анықтау зерттеудің міндетіне кіреді. Советтік дәуірде Орталық Азия халықтарының сан ғасырдан бері сақталып келе жатқан діни дәстүрлерін жою жүзеге асырылғаны белгілі. Дінбасылардың әулеттік құнды жәдігерлері мен кітап-қолжазбалар жойылды. Бірақ олардың кейбір дүниелерін ұрпақтары жасырын ұстап, сақтай алды. Совет Одағы тарағаннан кейін Қазақстанда сақталған мұндай рухани мұраға көңіл бөлініп, олар көпшіліктің назарына ұсыныла бастады. Бұл зерттеуде осы мәселе Сыр өңірі мысалында ұсынылады.

Кілт сөздер: Советтік Қазақстан; Сыр өңірі; ислам; қожа; ишан; ахун; атеизм; рухани мұра; сирек кітаптар; құнды жәдігер.

Kipicne

Советтік атеистік саясаттың сол кезеңде өмір сүрген дін өкілдеріне ғана емес, олардың артында қалған рухани мұрасына да өз кесірін тигізгені мәлім. Атақты «ишан», «ахун» немесе «қожа» атанған атақты дін өкілдерінің ұрпағы болу да қауіпті болды. Себебі атеистік қоғам құрғысы келген советтердің жолындағы ең үлкен кедергі дін ғана емес, сонымен бірге халықтың діни дәстүрлері мен діни тұлғалардың артында қалған мұралары да болды. Дәлірек айтқанда ахун-ишандар мен қожалардың діни қызметінде қолданған заттарына (жайнамаз, аса, мөр және басқалар), кітаптары мен қолжазбаларына жойылып кету қаупі төнді. Олардан қалған жәдігерлерді сақтау ұрпақтары үшін де қауіпті



еді. Соның салдарынан келер ұрпаққа мұра болып жетуі тиіс қаншама құнды жәдігер жойылып кетті. Өздеріне зияны тиетінін білсе де ата-бабаларынан қалған мұраны әртүрлі жолмен болсын келер ұрпаққа жеткізе білген әулеттер де аз емес. Бұл зерттеуде ахун-ишандардың ұрпақтарының қолында және облыстық музейде сақталған қолда бар рухани мұраны танытуға талпынамыз.

«Ишан» (ишон, эшон, эшен; парсыша-тәжікше «олар» деген мағынаны білдіреді) Орталық Азиядағы сопылық тариқаттардың рухани жетекшілеріне немесе тариқаттардың құрметті дінбасыларына мен олардың ұрпақтарына берілген атақ. Адамдар құрмет ретінде сондай рухани көсемдердің аттарын атамай, оның орнына осы сөзді қолданған. «Ишан» термині Орталық Азияда XII-XIII ғасырларда пайда болғанымен, жергілікті халық арасында XV-XVI ғасырлардан бастап кеңірек қолданыла бастаған. Сопылық термин ретінде «ишан» Орталық Азияда «пір», «муршид», «әулие» сөздерімен синоним ретінде қасиетті отбасыларға қатысты да қолданылған. Орта ғасырларда «пір» сөзінің орнына халық «қожа» сөзін де қолданғанын көруге болады (мысалы Қожа Ахмет Яссауи, Мәді қожа, Қожжан қожа). Жалпы «қожа» деп ислам дінінің Орталық Азияға таралуында үлкен рөл атқарған әулеттерді немесе руды атайды. Қожа рулары бірнеше отбасынан құралады. Әдеттегідей, қожалар өздерін арабтардың ұрпақтары (Мұхаммед пайғамбардың және оның ізбасарларының) деп есептейді. Олардың өмір салты басқа түркі халықтарымен (қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар, түрікмендер және көшпелі өзбектер) бірдей болса да олар өздерін ақсүйек санаған. Мысалы, Орта Сырдария алабындағы қожалар өздерін олар Хз. Әлидің ұлдарының бірі Имам Мұхаммед Ханафияның ұрпақтарымыз (Абд ал Рахим Баб, Исхак Баб, Абд әл-Жалил Баб) деп есептейді [1, 50-51]. Орта ғасырларда ишандар көбіне қожалардан шыққандықтан екі термин бір-біріне жақын мағынада да қолданыла бергенін байқауға болады. Бірақ әрине ишандар тек қожа руынан шықпағаны белгілі. В.В. Бартольд ишандарға «олар Түркістан аймағындағы сопылық тариқаттардың рухани басшылары, бұл термин «пір» немесе «ұстаз» мағынасына жақын» деп анықтама бере келе, «ишан» сөзінің Орталық Азиядағы сопылық діни атақ екенін, оның кейде атадан балаға мұрагерлік жолмен беріліп отырағаны туралы деректер келтіреді [2, 169]. Ал, «ахун» (ахунд) термині болса Әзербайжан, Иран және Бұхар хандығы мен Ресей империясында негізінен шарифат саласының білгірі болған жоғары дәрежелі мұсылман ғалымына берілген атақ, арабша «қаді» сөзінің аналогы екендігі белгілі. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында Сыр өңірінде өмір сүрген атақты ахун-ишандар мен қожалардың мұрасы үлкен зерттеу жұмысын талап ететін мәселе. Сыр өңіріндегі аталмыш мұра туралы осыған дейін тек жергілікті баспасөздерде жалпылама мәліметтер жарияланғанымен арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмеді. Бұл тақырыптың өзектілігі де осында. Аталған аймақта сол кезеңде өмір сүрген дін өкілдерінің артында қалған жәдігерлер үлкен тарихи мұра ғана емес, зерттеушілер үшін үлкен заттай дерек болып саналады. Зерттеу барысында анықталған XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан бері сақталып келе жатқан ахун-ишандардың жәдігерлері қазіргі күні олардың тікелей ұрпақтарының қолында. Зерттеудің мақсаты сол Сыр өңірінде өмір сүрген кейбір атақты ахун-ишандар мен қожалардың қазіргі күнге жеткен бізге белгілі



мұрасын таныта отырып оларға қысқаша талдау жасау. Өз заманында Бұхара, Самарқан, Хиуа және Ташкент қалаларындағы «Көкілташ», «Мир-Араб» секілді Орталық Азиядағы түрлі танымал медреселерде оқыған Марал ишан Құрманұлы (1769-1847 ж.ж.), Құлболды ишан Сұлтанұлы (1780-1860 ж.ж.), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1862-1916 ж.ж.) және Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1921 ж.ж.) секілді елге рухани жетекші болған қаншама беделді тұлғалардың артында қалған мұраларын анықтау; олардың маңыздылығын көрсету; оларды бірнеше топқа бөліп қарастыру; қысқаша сипаттама беру және ол жәдігерлердің қандай жолдармен сақталғанын ашып көрсету зерттеудің негізгі мәселесі мен міндеттеріне кіреді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі материалдарын ахундар мен ишандардың мұрасы туралы олардың ұрпақтарынан алынған ауызша деректер (Qyzylorda телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп түсірген тарихи-танымдық деректі фильмдері), Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі (ҚОТМ) қорындағы құжаттар (Негізгі қорға түсетін экспонаттар есебінің түгендеу кітабы), тарихи еңбектер мен мақалалар құрайды. Сыр өңірінде өмір сүрген діни тұлғалардан қалған мұралар туралы мәліметтер төмендегі ахун-ишандар мен қожалардың ұрпақтарынан алынды: Мәдіқожа ұрпақтары – Сырдария ауданы, Жетікөл ауылының тұрғындары Ғарифолла Әбіласанов (Қожжан қожа кесенесінің шырақшысы) пен Гүлбану Әбіласанова; Марал ишан ұрпақтары – Қармақшы ауданы, Жосалы кентінің тұрғындары Шолпан Жүсіпбекқызы, Бекболат Молдашұлы; Құлболды ишан ұрпақтары – Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылының тұрғындары Әсия Абылаева, Асхат Абылаев; Тапал ахунның ұрпақтары – Насырадин Пахрадин, Сахаббадин Нұрымбетов және оның ауылдастары Ләззат Әбдірайымова, Мақсұт Әбсадықов; Ер Сейтпенбет әулиенің ұрпақтары – Якуб Турманов, Әлімжан Әбдиев. Деректерді қолдану барысында қолданылған мәліметтердің көбісі қожалардың, ишандардың, ахундардың ұрпақтарының аузынан жазып алынған және ел ішінде сақталған ауызша деректер екендігі естен шығарылмады. Сондықтан дереккөздерді қолдануда деректің шынайылық деңгейін анықтау, салыстырмалы талдау және сипаттау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Сонымен бірге, тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, объективтілік, хронологиялық принциптері басшылыққа алынды. Объективтілік ұстаным діни-ғұрыптық жәдігерлер мен діни жазба мұраларына советтік атеистік саясаттың тигізген әсері мен бізге жеткен ол мұраның құндылығын бағалауға мүмкіндік беретін болады.

Зерттеу нәтижелері

Сыр өңіріндегі исламдық мұра мен жәдігерлер тарихы ғылыми зерттеуді талап ететін тың сала. Советтік кезеңдегі сопылық туралы, саяси қысымға ұшыраған сопы, қожа-ишандар жөніндегі зерттеулер болғанымен (қараңыз Zholdassuly, 2024) олардың артында қалған заттай мұрасы туралы ғылыми зерттеулер өте аз. Әсіресе жоғарыда аталған кезеңде Сыр өңірінде өмір сүрген атақты дін тұлғалардың сақталған мұрасы жөнінде тек сол белгілі бір ахун-ишандардың ұрпақтары мен кейбір өлкетанушылардың түрлі мерзімді басылымдарда жарияланған жазбалары болғанымен арнайы тарихи ғылыми



зерттеулер жоқтың қасы деуге болады. Мысалы, Қызылорда қаласында жарияланған «Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар» (2019) атты кітапта сол өңірде өмір сүрген және халық аузында «әулие» атанған қожа, ишан, ахуандардың өмірі мен олардың кесенелері туралы ауызша мәліметтер топтастырылғанымен олардың артында қалған мұрасы туралы мәліметтер келтірілмеген. Сонымен қатар М. Жетпісбаевтың, Л. Жалғасбайқызының, Қ. Шағыровтың түрлі мерзімді басылымдарда жарияланған жазбаларында (қараңыз Жетпісбаев, 2021; Жалғасбайқызы, 2023; Шағыров, 2017) Ер Сейтпенбет әулие, Әмит ишан, Құлболды ишанның артында қалған мұрасы туралы құнды мәліметтер берілсе, Ж. Әубәкір, С. Көзейбаев және Л. Жалғасбайқызының А. Сайлаумен бірге түрлі газет-журналдарда жариялаған мақалаларында (қараңыз Сайлау, Әубәкір, 2024; Көзейбаев, Сайлау, 2022; Сайлау, Жалғасбайқызы, 2023) Құлболды ишан әулетінің шежіресі, Қалқай ишанның мөрі, Тапал ахуннан қалған кітаптар туралы ақпараттар келтірілген.

Бұл жазбалардың әрине деректік маңызы зор, бірақ бұлардың ешқайсысы академиялық еңбек болып саналмайды. Бұл зерттеу болса сол олқылықтың орнын толтырады деуге болады. 1920-1930 жылдарда советтік атеистік шабуыл дін өкілдерінің өзіне ғана емес, олардың мұрасына да қарсы бағытталды. Ол кезеңде әсіресе саяси қысымға ұшыраған дін өкілдерінің мұрасын сақтау өте қауіпті болды. Белгілі дінбасылардың ұрпақтары немесе шәкірттері діни мұраны түрлі жолмен сақтап қалуға талпынды. Кейбірі оларды өздерімен шетелге әкетсе, ал қазақ жерінде қалған жәдігерлердің кейбірі аз да болса түрлі жолмен сақталынды.

Сол кезеңде жоғалған мұралардан бір мысал келтірейік. Қазақ жазушысы Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылғы өз жазбасында Яссауи кесенесіне барған естелігімен бөліседі. Ж. Аймауытов сол мақаласында кесененің екі шырақшысы болғанын, кесене ішіндегі кітапханада ол кезеңнен бұрын отыз мыңдай кітап болғанымен, ол барған кезде ол кітаптардан бірде-біреуі қалмағанын жазады [3, 297-298]. Яғни құнды мұра саналған кесенедегі қаншама кітап жоқ болған. Осы деректен 1930 жылдардағы дінге қарсы шабуыл мен жаппай үгіт-насихаттан ең қатты зардап шеккен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі мұралар екендігін аңғаруға болады. Ал, Яссауи кесенесінің символы саналған Тайқазан болса 1936 жылы Эрмитаж музейіне жіберілген. Ені 2,4 метр, биіктігі 1,7 метр және салмағы шамамен 2 тонна болатын бұл алып қазанды Әмір Темір тарапынан жасалған еді [4, 18]. Сонымен қатар Яссауи кесенесіне қатысты қолжазбалар мен түрлі құжаттар да советтік кезеңде жойылып, оларды сақтаушылар қуғын-сүргін көрген. Мысалы, 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңінде Түркістан қаласы мен оған жақын елді мекендерде тұратын халық араб әрпімен жазылған жеке құжаттарды Яссауи кесенесінің бөлмелеріне немесе Атабай ауылындағы зиратқа жасырған. Бұл құжаттар діни тұрғыла қасиетті саналғандықтан адамдар олардың жойылып кетуінен қорыққан. Бірақ кейін бұл құжаттарды 1974-1975 жылдардағы ғылыми-зерттеу экспедициясына қатысушылар тауып алып, Алматыға алып кеткен [5, 3, 67].

Жоғарыда келтірілген деректерден советтік кезеңде ірі дін өкілдерінің мұраларына төнген қауіптің қаншалықты болғанын көре аламыз. Сол кезеңде Сыр өңірінде ғана емес басқа аймақтарда да жағдай осыған ұқсас еді. Соған



қарамастан «ишан», «ахун», «қожа» атанған атақты дінбасылардан қалған діни жәдігерлерді олардың ұрпақтары немесе ізбасарлары түрлі жолдармен сақтауға талпынған. Бұл зерттеуде сол кезеңнен жойылмай бүгінге жеткен қолдағы мұраны танытпақпыз. Қазіргі таңда Сыр өңіріндегі советтік кезеңнен аман-есен өткен бізге мәлім құнды мұраларды кезеңдеріне қарай; XVIII ғасырмен мерзімделетін Мәді қожа ұрпақтары Қожжан қожа әулие, Смайыл Әздүр, Ер Сейтпенбет әулие (Сайд Мұхаммед) жәдігерлері; XIX ғасырмен мерзімделетін Құлболды ишан Сұлтанұлы, Марал ишан Құрманұлы, Қалжан ахун Бөлекбайұлы, Тапал ахун Нұрмұхаммедұлы, Әлібай ахун Қосқұлақұлының жәдігерлері; XX ғасырмен мерзімделетін Әмит ишан Әбдірахманұлы, Садық ахун Қодарұлы және тағы басқалараның жәдігерлері деп бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Ал, олардан қалған мұралардың өзін бірнеше топқа бөлуге болады: I. Әулеттік жәдігерлер (шырағдан, мөрлер, ағаш асалар, жайнамаздар және басқалар). II. Діни және әдеби кітаптар (Түркия, Египет, Үндістан, Ресей елдерінде араб, парсы, түркі тілдерінде басылған еңбектер). III. Қолжазбалар (араб, түркі тілдерінде жазылған насабнамалар (қожалар әулеттерінің шежіресі), арнайы діни мәселелерге байланысты шығарылған пәтуалар, шарифат заңдары).

XVII-XVIII ғасырларда Сыр өңірінде өмір сүрген қожа-ишандардың бір бұтағы Мәді қожа әулеті еді. Мәді қожа халық ауызында Диуана, Құсшы Ата, Жалаңаяқ Әздүр деген лақап аттарымен де белгілі болған. Кейбір деректерде Мәді қожаның XVII ғасырда өмір сүргені айтылады. Атақты Әбдіжәлел бабтың тікелей ұрпағы саналады [6, 26]. Мәдіқожа ұрпақтары Қожжан қожа мен Қылыш қожаның кесенесі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Жетікөл аулынан шығысқа қарай 7-8 шақырым жерде орналасқан. Қазіргі күні сол кесенеді XVIII-XIX ғасырларда пайдаланылған жәдігерлер сақталған. Кесенені зиярат етушілер сол жәдігерлерді киелі санайды [7]. Дәлірек айтқанда сол кезеңнен қалған шырағдандар сақталған. Сонымен бірге XVIII ғасырдан қалған құнды жәдігер саналатын ағаш астау да бар. Ұрпақтарының естеліктеріне сүйенсек, кесенеге зиярат етуге келген адамдар астаудан дәм татқан. Көлемі үлкен мұндай астаулардың Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесінде сақталғаны белгілі. Құнды мұралардың тағы бірі Қожжан қожаның қолданған шойын қазаны. Аталған шойын қазан XVII-XVIII ғасырлардан жеткен тарихи құндылық болып саналады. Жалпы мұндай шойын қазандардың үлгілері әйгілі діни қайраткерлер жерленген кесенелерден жиі ұшырасады. Зиярат етушілер бұл қазанды ас дайындау үшін пайдаланған [8].

Сонымен қатар, 2024 жылдың 15 қаңтарында Мәді қожа ұрпақтарына байланысты насабнама нұсқасының қазақшаға аударылуына байланысты Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде Қылыш қожа ұрпақтарымен бірге арнайы отырыс өткізілген. Алғаш рет аударылған насабнаманың бұл нұсқасында шежіре Хз. Әли ибн Әбу Талиб пен оның ұлы Мұхаммед Ханафиядан бастау алып, XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген және атақты Құлболды ишанның ұстазы болған Смайыл Әздүр Қылышқожаұлының балаларынан аяқталады. Бұл насабнамада 77 адамның есімімен бірге Мұхаммед пайғамбардың кейбір хадистері де берілген. Шежіреге әйел адамдардың да енгені анықталып отыр. Аталған насабнама шамамен XVIII-XIX ғасырларда араб, түркі тілдерінде жазылған және ұзындығы – 270 см, ені – 15 см. Бұл жәдігер осыған дейін Смайыл



Өздүрдің ұрпағы Тұрымбет қалпе арқылы Жанболат Алиакбаровтың қолында сақталған. Сонымен қатар бұл насабнаманың электронды көшірмесін Сырдария ауданы Шіркейлі және Қоғалыкөл ауылдарының тұрғындары Мақсұт Әбсадықов пен Жамаладдин Жанахметов облыстық музей қорына тапсырған. Келесі мұра Ер Сейітпенбет әулие Қожажанұлына тиесілі. Ол тарихи деректер бойынша XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген. Марал ишан Құрманұлының замандасы болған. Сол кезеңде Қазалы уезінің шенеуніктері бұл аймақтағы мұсылмандық жағдай туралы қазақтар арасында аса құрметті, әулие саналатын адамдар бар, олардың арасында Қосым қожа, Сейітпенбет, Қалқай ишан дегендер ерекше аталады, Сейітпенбет қазақтар арасына Бұхара жаққа барып оқып келген ғұлама деп мәлімет берген [9]. Қазіргі күні ұрпақтарының қолында сол Ер Сейітпенбет әулиеден қалған мөр бар және оның жасалу пішіні жүзінгі еске салады. Мөрдегі жазуда араб тілінде «Сайд Мұхаммед бин Қожажан» деген сөздер кездеседі. Ұрпақтарының естеліктеріне қарағанда, Ер Сейітпенбеттің күміс мөрі XIX ғасырда Мекке қаласында соғылған. Бұл мөр әулиенің тікелей ұрпағы, Шымкент қаласында тұратын Якуб Турмановтың иелігінде. Зерттеушілер бұл мөрді Ер Сейітпенбет әулие діни қызмет барысында қолданған болуы мүмкін деп болжайды [10, 1].

XIX ғасырда Сыр бойында өмір сүрген атақты ишандардың бірі Марал ишан. Ол патшалық Ресей тарапынан қысымға ұшыраған. Марал ишан Құрманұлы тек діни көшбасшы ретінде ғана емес, саяси тұлға ретінде де танымал болған. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы шыққан. Сонымен қатар Марал ишан XIX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ даласындағы Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысына да қатысып, ханның кеңесшісі болғаны айтылады. Бұл туралы архивтік құжаттарда 1841 жылы Кіші жүз жеріндегі Хан кеңесінде Кенесарының жорық жолын тастап, бейбіт өмір сүруіне кеңес бергендердің арасында Марал ишан да болғаны келтірілген [11, 60]. Сол Марал ишаннан қалған жәдігерлердің бірі ағаштан жасалған көк аса. Жәдігер осыған дейін Қазақстанның әр аймағында тұрып жатқан оның ұрпақтарының қолында сақталып келген. Аса төрт бөліктен тұрады: басы, қылышы, сабы және сүңгісі. Сүңгінің жалпы ұзындығы – 136 см, сабының диаметрі – 3,9 см, басының өлшемі – 7,5 x 6,9 см, сүңгісінің өлшемі – 15 x 3,1 см, қылышы – 56,5 x 2,6 см. Асаның қылышы мен найза тәрізді жасалған сүңгісі өзін қорғау мақсатында қолданылған болуы керек. Зерттеушілердің пікірінше XVIII-XIX ғасырлардағы асалар бір типте жасалған. Марал ишан туралы ауызша деректерде оның «киелі көк асасы» туралы да айтылады. Оны Марал ишанға ұстазы сыйға берген. Жәдігердің көшірмесін белгілі ұста Бекзат Жақыпов жасап Қызылорда облыстық өлкетану музейі қорына тапсырған [12, 7].

2021 жылы Марал ишанның үлкен баласы Қалмұхаммед ишанның (Қалқай ишан есімімен белгілі) мөрі табылған. Қалқай ишан да Сыр өңіріндегі атақты дінбасылардың бірі болғаны белгілі. Діни білімді Бұхарадағы Көкалташ медресесінде алып, кейін Марал ишан Құрманұлы салдырған мешітте діни қызмет атқарған. Ұрпақтарының естеліктеріне сүйенсек, Қалқай ишан діни білім бере жүріп, қазақша рухани тәрбие беру мақсатында шәкірттеріне жыр жаттатқызып, олардың санасына дастандар мен қиссаларды да сіңірген. Бүгінгі таңда Қалқай



ишанға тиесілі мұралар «Қалқай молданың қолжазбалары» мен «Ер Қосай» жыры деген атаумен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорында сақталған. 2022 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен «Qyzylorda» телеарнасы бірлесіп атқарған «Құнды жәдігер» жобасы аясында Қармақшы ауданы орталығында Қалқай ишан ұрпақтарының қолында сақталған мөр зерттелді. Мөрдегі араб жазуын белгілі түркітанушы ғалым Серікбай Қосанов қазақшаға аударды. Мөрде «Қалмұхаммед ибн Марал ишан, хижра бойынша 1247 жыл» деп жазылған [13, 143-146]. Бұл заттай деректерден сол кезеңдегі ахун-ишандардың аса таяқ ұстағанын және жеке мөр қолданғанын байқауға болады. Қалқай ишан ұрпақтарының ішінде атағы шыққан Абдулхамид ишан Әбдірахманұлы (Әмит ишан есімімен танымал) еді. Ел ішінде Әмит ишан туралы ауызша деректер көп сақталған. Әкесі Әбдірахман мақсұм Мекке қаласына бірнеше рет қажылыққа барған. Соңғы сапарында Стамбулда Османлы мемлекетінің сұлтаны II-Абдулхамидпен жолыққаны айтылады. Сол сапардан Әбдірахман мақсұм еліне қайтқан соң 1905 жылы дүниеге келген тұңғыш ұлының есімін сол Османлы сұлтанының құрметіне Абдулхамид деп қояды. Сол Абдулхамид ишанды кейін жергілікті халық Әмит ишан деп атап кетеді [14]. Әбдірахман мақсұм бастауыш діни білім алған Әмит ишанды Бұхарадағы Көкалташ медресесіне оқуға жібереді. Әмит ишан 1920 жылдары елге оралған. Бірақ советтік билік тарапынан қысым көреді. Көп ұзамай Ауғанстанға қоныс аударады. Кейін 1940 жылдардың аяғында туған жеріне бүркеншік атпен қайта оралады. Одан соң Қармақшы жерінде өмірінің соңына дейін тұрып, халық емшісі ретінде аты шығады [15].

Қазіргі уақытта Әмит ишан ұрпақтарының қолында отызға жуық сирек кездесетін кітаптар сақталған. Ұрпақтарының айтуынша совет дәуірінде бұл мұраларды тығып сақтау оңай болмаған. Бірақ ұрпақтары оларды қазіргі кезеңге аман-есен жеткізе білген. «Сыр өңіріндегі діни-ағартушылардың мұрасын кешенді зерттеу» атты арнайы Қызылорда облыстық өлкетану музейі жобасы аясында ол кітаптардың ішінде төртеуінің жалпы мазмұны қазақшаға аударылған. Бұлардың бірі атақты татар ұлтынан шыққан саяси қайраткер Мухаммад Мурād Рамзидің (1855-1934 жж.) «Талфйк әл-ахбәр уа талкйх әл-асәр фй уакәи' Қазән уа Булғәр уа мулүк әт-Татәр» кітабы. Рамзй бұл еңбегін 1892 мен 1907 жылдар аралығында жазып аяқтаған. Автор Османлы мемлекетінің азаматы бола тұра аталған кітапты жазу мақсатында, Ресей империясының құрамында болған Орталық Азия аймағына келіп тарихи деректер жинаған. Аталған еңбек 1908 жылы Орынбор қаласындағы «Каримов, Хусаинов және К» баспаханасында, Троицк қаласындағы Расулия медресесінің башқұрт ұлтты басшысы Шейх Зайнулланың қаржылық қолдауымен басылып шыққан. Көп ұзамай аталған еңбек патшалық үкімет тарапынан «Авторда христиан әлеміне және жалпы орыс ұлтына деген арам пиғыл мен жеккөрушілік бар» деген желеумен тәркіленген. Алайда, туындаған түрлі кедергілерге қарамастан, бұл кітап Шығыс елдеріне жылдам таралған. Кітаптың жалпы көлемі 270 бет [13, 143-146].

Бұл кітаптың кіріспесінде түрік халықтарының шығу тегі мен даму жолы және көрші халықтармен өзара байланысы сипатталған. Алғашқы бөлімде Еділ Бұлғариясының тарихы мен моңғол шапқыншылығына дейінгі халықтың жағдайы



сипатталады. Екінші бөлімде моңғол шапқыншылығы, Алтын Орданың қалыптасуы және оның ислам дінін қабылдау үдерісі сипатталады. Үшінші бөлімде орыс патшасы Иван Грозныйдың Қазан қаласын жаулап алуына дейінгі және одан кейінгі кезеңде болған оқиғалар сипатталады. Ал, төртінші бөлімінде орыстардың башқұрттар мен татарларды өзіне қаратқан сәтінен бастап сол кезеңге дейінгі Қазан қаласына және оның тұрғындарына қатысты оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар, Мурат Рамзи еңбегінің соңғы бөлімінде өз дәуірінде өмір сүрген жүзге жуық қоғам, саясат, дін және мәдениет қайраткерлері жөнінде қысқаша биобиблиографиялық мәліметтер келтіреді.[16, 12].

Әміт ишан ұрпақтары қолындағы екінші кітаптың атауы «әл-Жәми‘ әл-Уаджиз». Кітаптың авторы XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ұлты түркі Мухаммад ибн Мухаммад ибн Шихаб ибн Йусүф әл-Кардарй. «Имам әл-Бәззәзи» лақап атымен де танымал болған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше бұл автор Арал өңірінен шыққан. Йусүф әл-Кардарй ханафи мазхабының ғұламасы болған. Бұл автор сол кезеңде Қырым, Болгария және Арабия жерлерінде де өмір сүрген. Бұл кітабы жалпы 6 томнан тұрған. Бірақ кейінгі баспаларында 2 томға біріктірілген. Кітаптың жалпы көлемі 256 бет. Бұл нұсқасы XX ғасырдың басында Египеттегі әл-Халаби баспасында жарық көрген. Кітапта негізінен Ханафи мазхабының шариғат заңдары, фикх мәселелері қамтылған. Ислам ғұламаларының оның ішінде әсіресе Имам Әбу Юсуф (731-798 жж.) мен имам Хасан аш-Шайбанидің (749-805 жж.) діни пәтуалары берілген. Еңбекте намаз, зекет, ораза, қажылық, неке және талақ мәселелерімен қатар, құлды азат ету, сауда-саттық, жалға беру, қадилердің әдеп нормалары, куәлік және қылмысты мойындау, жаза түрлері, өсиет пен мұрагерлік, өкілдік және жетім балаларды қамқорлыққа алу, татуласу, қарыз және сыйлық алу, бірлестік құру, құрбандық шалу мен аң аулау тәртібі сияқты тақырыптар қамтылған [17, 1].

Әміт ишаннан қалған үшінші кітаптың атауы «Хуласат әл-Кайдәни». Аталған діни еңбектің авторы — XIV ғасырда өмір сүрген ханафи мазхабының факихі Лутфулла ән-Насафй әл-Кайдәни. Ғұлама қазіргі Өзбекстан жерінде орналасқан ортағасырлық Насаф қаласында (қазіргі Қаршы) дүниеге келген. 1349 жылы қайтыс болған. Кітаптың бұл нұсқасы 1893 жылы Ташкентте басылған, көлемі 140 бет. Зерттеушілердің ойынша Лутфулла өз заманында фикх ілімін жандандыруға тырысқан ғұлама. Осыған байланысты ол еңбектерінде көбіне ғибадатқа қатысты мәселелерге баса назар аударған. Зерттеушілердің айтуынша, кітап шағын көлемді болғанымен, мазмұны терең әрі мағыналы. Әл-Кайдәнидің бұл еңбегіне үш түрлі ғұлама тарапынан түсіндірме (шарх) жазылған. Алғашқысы Бадруддин ибн Ибрагим әл-Астарханди, екіншісі Мұхаммед Әмин ибн Мұхаммед Хусейн әл-Хасими, ал үшіншісінің есімі белгісіз. Аталған еңбек негізінен Үндістан мұсылмандарының арасында кеңінен қолданылған. Әміт ишан ұрпақтарының қолындағы төртінші кітап «Мухтасар әл-Уикайа» деп аталады. Кітаптың авторы Бұқара қаласында өмір сүрген ‘Убайдулла бин Мас‘ūd бин Махмуд бин Ахмад әл-Махбұбй (қайтыс болған жылы 1346 ж.). Ислам әлемінде бұл ғалым «Содруш-шариаһ», яғни «шариғаттың төресі» деген құрметті атауға ие болған. Еңбектің жалпы көлемі 100 беттен тұрады. Аталған нұсқасы 1895 жылы Санкт-Петербуркте цензурадан өтіп, келесі жылы — 1896 жылы Қазан



императорлық университетінің типо-литографиясынан жарық көрген [17, 1]. Бұл еңбекте ханафи мазхабы негізінде мұсылман жамағатының күнделікті өмір сүру тәртіптері сипатталады. Кітап жалпы 49 бөлімнен тұрады. Негізгі тараулары «Тазалық кітабы», «Дұға кітабы», «Зиярат кітабы», «Неке кітабы», «Талақ кітабы» және «Татуласу кітабы» деген атаулармен берілген. Кітаптың бір ерекшелігі фикхтың барлық тармағы қамтылып жаттауға арналғандығында. Кітап жарық көргеннен кейін Орталық Азия медреселерінде ислам құқығы бойынша оқулық ретінде қолданылған. Бұл «Мухтасар әл-Уикайя» атты кітап XIX ғасырда Сыр бойында өмір сүрген тағы бір діни ғұлама Әлібай ахунның рухани мұрасының арасында да бар. Әлібай ахуннан қалған кітаптар мен қолжазбалар Қармақшы ауданындағы ахунның қарашаңырағы саналатын бұл мұра Әжмағанбет ұлы Абдулғазимнің иелігінде сақтаулы. Аталған еңбектің бұл басылымы да 1901 жылы Санкт-Петербург қаласында арнайы цензорлық тексерістен өтіп, 1902 жылы Қазандағы императорлық университеттің типолитографиясынан басылып шыққан. Әлібай ахунның бұдан да басқа кітаптары мен қолжазбалары толыққанды зерттеуді қажет етеді [18, 2]. Байқағанымыздай Әмит ишан мен Әлібай ахуннан қалған мұралардан олардың тарихқа қатысты кітаптармен қатар, ханафи мазхабы бойынша еңбектерді көп қолданғанын көре аламыз және бұл ұл ахун-ишандардың ханафи мазхабы бойынша пәтуә беріп отырғанын көрсетеді. XIX-XX ғасырларда Сыр өңірінде өмір сүрген Мәді қожаның ұрпақтарының арасында Құлболды ишан Сұлтанұлы (1780-1860 ж.ж.) мен Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1921 ж.ж.) есімі ерекше аталады. Құлболды ишанның есімі Марал ишан, Айқожа ишандардың есімімен қатар айтылады. Құлболды ишан қазіргі Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы маңындағы «Хан ағашы» деген жердегі медреседе діни білім алған. Алғашқы ұстазы атақты Смайыл Әздүр болған. Кейін Бұқарадағы Мир-Араб медресесінде білім алады [19]. Құлболды ишан өз заманында елге белгілі көптеген тұлғалармен жақсы қарым-қатынаста болған. Әсіресе Сыр өңіріне Қоқан хандығының билігі жүріп тұрған кезеңінде Ақмешіт пен Жөлектің төңірегінде үлкен құрметке ие болған Тұрсынбай датқамен сыйластығы болған [20, 13]. Екеуі бірлесіп ел ішіндегі үлкен дауларды шешіп отырған. Кейін Құлболды ишан дүниеден өткенде Тұрсынбай датқа оның кесенесін салдырған [21].

Қазіргі таңда Құлболды ишан кесенесі қайта жаңғыртылып, зерттеліп, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы шеңберінде өңірлік маңызы бар қасиетті орындар қатарына енген. Құлболды ишанның ұрпақтарының қолында оның Медине қаласында тігілген жасыл маталы алтын жіппен өрнектелген шапаны, немересі Әбдіхалық мақсұмға тиесілі жеке мөрі және 1906 жылы Медине қаласында арнайы дайындалған Құлболды ишанның шежіресі сақтаулы. Құлболды ишан әулетінің шежіресі (насабнама) 2004-2005 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жинақталып, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына өткізілген. Ол шежіре 4 бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімінде Аллаға мадақ айтылса, екінші бөлімінде Мұхаммед пайғамбарға салауат жолданған, үшінші бөлімінде Мұхаммед-Ханафиядан басталып, Әбдіхалық мақсұмға дейінгі 43 атадан тұратын шежіре берілген, ал төртінші бөлімінде шежіренің жасалған уақыты — хижраның 1324 жылы,



Зүлхиджа айында, Медине қаласында құрастырылғаны көрсетілген. Шежірені Хафиз Мұхаммед Шүкіри Қожа Әли жазған. Шежіренің басты кейіпкері Мәді қожа XVII ғасырда өмір сүрген және ол үш рет қажылыққа барған. Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған сопылық-дәруіштік ілімді насихаттаған көрнекті діни қайраткер [22].

Мәдіқожа ұрпағы Тапал ахун Қадірұлы (шын есімі Нұрмұхаммед) 1848-1921 жылдары өмір сүрген [23]. Ахунның бойы аласа болғандықтан ел арасында Тапал аталып кеткен. Бұқарадағы Мир-Араб медресесінде діни білім алып, туған жеріне оралғаннан кейін Шіркейлі деген жерде мешіт салдырып, бала оқытады. Ілімімен халық арасындағы жер дауы, жесір дауы секілді түрлі дауларды да шешіп отырған [24, 135]. Тапал ахун өз дәуіріндегі қазақ даласындағы саяси оқиғаларға белсенді араласқан тұлғалардың бірі болғаны байқалады. Бұған дәлел ретінде оның 1916 жылғы Торғай өңіріндегі Ресей империясына қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтерілісіне жетекшілік еткен Амангелді Имановқа бұл қозғалыстың әділ екенін растап, арнайы пәтуа беруін атауға болады. Бүгінде Тапал ахунның тікелей ұрпағы Насырадин Пахрадиновтың қолында араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған 40-тан аса сирек кітап сақтаулы. Аталған кітаптардың осы күнге дейін жақсы күйінде жетуіне Тапал ахунның келіні Күләштің еңбегі зор болған [25]. Бұл кітаптардың басым бөлігі қазіргі Сырдария ауданы Шіркейлі ауылының кітапханашысы Л. Әбдіраймованың бастамасымен ауылдық және аудандық көрмелерде бірнеше рет жұртшылыққа таныстырылған [26].

Облыстық өлкетану музейі тарапынан Тапал ахунға тиесілі төрт бірдей кітаптың электронды нұсқалары жасалып алынған. Зерттеулер нәтижесінде ол кітаптардың XIX-XX ғасырларда Ресей, Өзбекстан, Үндістан және Египет елдерінің баспаханаларында жарық көрген ол «Фатәуа әл-‘Аламгирийа» (Фатуалар жинағы), «Салат әл- Мас‘ұдй», «Гулистән», «Джам‘ әл-уасә’ил фй шарх аш-Шамә’ил» атты кітаптардың жалпы мазмұны оқылған. «Фатәуа әл-‘Аламгирийа» кітабы мұсылман елдерінде «әл-Фатауа әл-Хиндийа» деген атпен де белгілі. Кітапта негізінен исламдық шариғат заңдары, этика, әскери стратегия, экономикалық саясат келтірілген. Тарихи мәліметтерге қарағанда, бұл еңбектің жарық көруіне Моғол империясының билеушісі Мұхаммад Аурангзеб Аламгирдің ықпалы болған (500 аса ғалымның 24234 пәтуасы жинақталған). Кітап бастапқыда әр түрлі тілдерде 30 томнан тұрған, бірақ кейінгі басылымдарда олар 6 томға біріктірілген. Тапал ахун ұрпағының қолындағы нұсқасы 240 беттен тұрады және ол XIX ғасырдың аяғында Египеттің Маймана баспасынан шыққан [27, 86-89]. «Салат әл- Мас‘ұдй» кітабы болса Орталық Азияның негізгі мазхабы болған ханафи мұсылмандарының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне арналған шығарма. Еңбектің авторы XIII-XIV ғ.ғ. өмір сүрген Орталық Азиядан шыққан ғалым Мас‘ұд ибн Махмұд ибн Йусуф әс-Самарқандй. Тапал ахун ұрпақтарының қолындағы бұл еңбектің нұсқасы 1900 жылы Үндістанның Бомбей қаласындағы баспаханада жарық көрген. Жалпы көлемі 193 беттен тұратын бұл шығарма үш томға бөлінген. Алғашқы екі томда мазмұнның негізгі бөлігін құрайтын намаз және оған қатысты шариғи мәселелер қарастырылса, үшінші томында зекет, ораза, қажылық, неке, талақ, құрбандық шалу, сату-сатып алу, мұрагерлік, өсиет



секілді бірқатар басқа да діни үкімдер қамтылған. Толығымен шариғат институттары мен өмірлік діни мәселелерге арналған Йусуф әс-Самарқандидің «Салат әл- Мас‘ұдй» еңбегінің бір ерекшелігі ғылыми стилде жазылғандығында. Сонымен қатар бұл еңбекте беделді 84 діни кітаптың тізімімен қатар, танымал 125 сахабадан жеткен хадистер мен 129 имамның өнегелі өсиет-әңгімелері топтастырылған. Сондай-ақ автор түрлі «жалған» ағымдарға қатысты құқықтық мәселелер бойынша да өз көзқарасын білдірген [27, 86-89]. Бұл ерекшеліктер еңбекті мазмұнды етіп, оқып-үйренуге қолайлы еткен. Тапал ахуннан қалған «Гулистән» атты кітап болса шығыстық проза жанры түрінде жазылған әдеби шығарма. Шығарманың авторы атақты парсы әдебиетінің классигі Муслихиддин Әбу Мухаммад ‘Абдуллах ибн Мушриф ад-дйн Са‘ди Ширәзй (1203-1292 ж.ж.). «Гулистән» негізінен ел билеушілеріне және тәлім-тәрбие мен әдеп мәселелерін арналған VIII тараудан тұратын шығарма. Са‘ди Ширәзй 1258 жылы бұл еңбекті жазып бітірген соң Шираз қаласының әкімі Әбу Бәкір ибн Сағдиге сыйға тартады. Тапал ахун ұрпақтарының қолындағы кітаптың бұл нұсқасы XIX ғасырдың соңында Ташкент қаласындағы О.А. Порцева баспаханасында басылып шыққан. Кітаптың жалпы көлемі 240 бет. Қазіргі таңда кейбір түркітанушылар Алтын Орданың әдеби жауһары саналатын Сайф Сарайидің атақты «Гулистән бит турки» атты шығармасы осы Са‘ди Ширәзйдің «Гулистән» шығармасының түрікшеге өзгертіліп аударылған түрі деген пікір айтады [27, 86-89]. Ал, «Джам‘ әл-уасә’ил фй шарх аш-Шамә’ил» кітабы Имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизйдің «аш-Шамә’ил әл-Мухаммадийа» атты хадистер жинағына арналған түсініктеме. Авторы Мулла ‘Алй әл-Қарй есімімен танылған Нұр ад-дйн Әбу Хасан ‘Алй ибн Сұлтән Мухаммеад әл-Қарй әл-Харауй әл-Мәккй әл-Ханафй (1524 - 1605 ж.ж.). Ол ислам әлеміне Мулла ‘Алй әл-Қарй деген атпен танымал болған. Хадистер жинағы екі томнан және 63 бөлімнен құралған.

Еңбекте жалпы Мұхамбет пайғамбардың өмірі баяндалған. Кітаптың бұл нұсқасы XIX ғасырдың соңында Мысырдағы әл-Халаби баспаханасынан басылып шыққан. Көлемі 247 бет. Еңбек авторы Мулла ‘Алй әл-Қарй 1524 жылы Ауғанстанның Герат қаласында дүниеге келген ислам ғұламасы, факих, мухаддис. Ол жастайынан діни ілімге ден қойып, танымал Шейх Муинуддиннен Құран Кәрімді дұрыс әрі мәнерлеп орудың қыр-сырын үйренген. Ханафи мазхабын ұстанған Мулла ‘Алй әл-Қарй ілімінің арқасында атақты имам атанған, ислам әлемінде фикх ғылымының дамуына үлес қосып, үлкен беделге ие болған. Ол 1605 жылы Мекке қаласында өмірден өткен. Сонымен қатар Тапал ахун ұрпақтарының қолындағы «Ахтари-Кабир» атты сөздікте сақталған. Бұл шығарма 1899 жылы Қазан Императорлық университетінің баспаханасында басылып шыққан. Авторы сөздіктің 1545 жылы Кутахия қаласында жазылғанын жазады. 40 мың арабша сөз түрік тіліне аударылған. «Ахтари-Кабир» атты сөздік 1826 жылы Стамбұлда алғаш рет жарық көріп, кейіннен Түркияның басқа өңірлерінде, Мысырда, Иранда және Ресейде қайта басылып таратылған. Көне түркі тілдерін тану кеңістігінде бұл еңбек лингвистика ғылымы үшін құнды дереккөз ретінде танылған. Аталған еңбектің авторы — түркі текті көрнекті факих әрі лингвист ғалым Ахтари Муслихиддин Мустафа ибн Шамсиди Ахмад. Ғалым 1496 жылы Осман империясының Афион-Карахисар деген жерінде дүниеге келген.



Сондықтан да ол кісі кейде Карахисари деп те аталған [27, 86-89]. Ол өмірінің соңына дейін Күтахиа қаласындағы медреседе мүдәррис қызметін атқарып, Осман сұлтаны Сүлеймен тарапынан жоғары құрметке бөленген. Сыр бойындағы атақты қожа, ишан және ахундардан қалған бұл кітаптарды советтік кезеңде ұрпақтары арнайы тығып сақтаған. Өз заманында Сыр өңірінде танымал болған Орталық Азиядағы белгілі оқу орны Көкалташ медресесін тәмамдаған тарихи тұлғалардың тағы бірі Қалжан ахун Бөлекбайұлы еді. Қалжан ахун XX ғасырдың басында өзі өмір сүрген Тереңөзек өңірінде мешіт-медресе салдырған. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында Қалжан ахунның пайдаланған бірнеше кітап сақталған. Қалжан ахунның сол кезеңде Патшалық Ресей тарапынан үнемі бақылауда болғанын да айта кету қажет. 2004-2005 жылдардағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қалжан ахун пайдаланған қолжазбалар оның екінші баласы Муаммар мақсұмның ұлы Хасанатулла тарапынан Облыстық өлкетану музейі қорына өткізілген. Музей қорында парақша түрінде сақталған ахунның 40-тан астам қолжазбасын араб тілінен аудару нәтижесінде, олардың ислам ғұламаларының күнделікті өмірге қатысты айтқан діни пәтуаларын қамтитыны анықталған. Сонымен бірге Қалжан ахун қолданған «Халаби сағир» (Кіші Сағир) кітабы да 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында музей қорына қабылданған. Авторы: Ибрәхیم ибн Мухаммад ал-Халабй (1549 ж. қ.б.) Ол кітаптың көлемі 210 бет [28, 144].

Ол еңбек 1898 жылы Стамбулда жарияланған. Кітаптың толық аты «Мухтасарлы Гуниетил-муттамали». Ол еңбекте намаздың шарттары мен парыздарына түсіндірмелер жасалған. Мәтінде имамдыққа арналған тараулармен қатар, жаназаға қатысты шарттар және басқа да шарифи мәселелер талданған. Одан бөлек Қалжан ахуннан қалған тағы бір мұра ‘Убайдулла әл-Махбүбидің «әл-Уйкайа» шығармасы негізінде жазылған Ибрәхیم ибн Мухаммад ал-Халабидің тағы бір шығармасы – «Мултака әл-абхур» («Теңіздердің қосылуы») атты кітап. Кітап 1517 жылы Стамбул қаласында жарық көрген, толық аты «Мултака әл-абхур фи фуру’ әл-ханафийа». Әл-Халабидің бұл еңбегі өзінен бұрын өмір сүрген төрт факихтің шығармаларына сүйене отырып құрастырылған. Шығарма көлемі 108 бетті құрайды және XIX ғасырдың соңында Стамбул қаласында басылып шыққан [28, 145].

Кітапта Османлы мемлекетіндегі XIX ғасырдағы саяси-құқықтық реформаларға дейін қолданылған шарифат негіздері қамтылған. Яғни, бұл еңбекте мемлекеттік қызметтің түрлі салаларына қатысты — соның ішінде діни рәсімдер, отбасы қатынастары, мұрагерлік мәселелері, сауда-саттық келісімдері мен қылмыстық жазаға байланысты ережелер қамтылған. Бұл заттай деректерден сол кезеңдегі ахун-ишандардың қандай фикх, хадис және әдеби еңбектерді пайдаланғанын және ханафи мазхабы бойынша жазылған кітаптарды алыстан болса да алдырып пайдаланып отырғанын көруге болады. Сыр өңірінен шыққан тағы бір атақты діни тұлға Садық ахунның да бүгінде емшілік қызметте қолданған заттарымен қатар, кітаптар Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы. Ұрпақтары аудандық музейге табыстаған Садық ахун мұрасының ішінен екі кітаптың жалпы мазмұны анықталған. Аударма жұмысына сол кезеңде Жаңақала ауылында имамдық қызмет атқарған Ербол Тағыбергенұлы



көмек көрсеткен. Бірінші кітаптың аты «Уафā’ әл- Уафā’ би-ахбār дār әл- Мустафа» («Мәдина қаласы туралы толық ақпарат»). Авторы Нұр ад-дйн ‘Али бин Ахмад әс-Самхұдй әш-Шāфи‘й (1440–1505). Ол Мысырдың Самхуд елді мекенінде дүниеге келіп, Мәдина қаласында дүниеден өткен ғалым. Мәдина қаласының тарихы, тұрғындары, ғалымдары және басқалары жайлы 50 жуық кітап жазған. Бұл кітабында да исламнан бұрынғы және Мұхаммед пайғамбар заманындағы Мәдина қаласындағы тарихи процестер, мешіттермен жолдар және түрлі мекендер туралы мәліметтер берілген. Садық ахун ұрпақтарының қолындағы екінші кітап ол Құран тәпсірі. Авторы Мухй ад-дйн ибн ‘Арабй (1165-1240 ж.ж.), ол мұсылман әлемінде «Шейх әл-Ақбар» (Ұлы ұстаз) атанған атақты сопы, пір. Бұл тәпсір кітабының жалпы көлемі 484 бет. Османлы мемлекетінде жарық көрген болуы керек [18, 2]. Жалпы бұл мәліметтерден ахун-ишандардың тәпсір мен хадис алаңында және фикх мәселелерінде сүнниттік-ханафиттік бағытта жазылған еңбектерді қолданғаны аңғарылады.

Қорытынды

Сыр өңірінде өмір сүрген қожа-ишандар мен ахундар туралы ауызша деректер мен олардың артында қалған заттай мұрасынан олардың қандай исламдық бағытты (мазхабты) ұстанғанын және олардың рухани жолын байқауға болады. Қолдағы деректерден Сыр өңірінен шыққан қожа-ишандарды қазақ даласындағы сопылық діни дәстүрдің аясында қарастыра болсақ, ахундарды Орталық Азиядағы ханафилік мазхабтың ірі өкілдері ретінде қарастыра аламыз. Бұны олардың жоғарыда сөз етілген артында қалған мұрасынан анық байқай аламыз. Қожа-ишандар рухани жетекші атанған Орталық Азиядағы сопы-пірлерге мүрид (шәкірт) болып олардан рухани тәрбие алса, ахундар Көкалташ, Мир-Араб секілді ірі медреселерден жан-жақты исламдық (фикх, хадис) ілім алған. Олардың ел ішінде кішігірім жеке мешіт-медреселерімен қатар жеке кітапханалары да болғанын аңғаруға болады. Бірақ совет үкіметі орнағаннан кейін көп уақыт өтпей жатып атеистік саясат ықпалымен ишандық, ахундық институт жойылуға бет алды. Сонымен қатар олардың мұрасына да қауіп төніп, рухани мұрасы жойыла бастады. Соған қарамастан кейбір қожа-ишандар мен ахундардың ұрпақтары аталарынан қалған рухани мұраның бір бөлігін сақтай білді. Сыр өңіріндегі қожа-ишандар мен ахундардың қазіргі уақытқа жеткен заттай мұрасының ішінде әсіресе сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар өте құнды. Ал сақталған қолжазбалардың көбісі насабнама нұсқалары, бірақ олар толық емес. Насабнамалар ұрпақтарының қолында бөлік-бөлік болып ғана сақталған. Ал, діни кітаптардың көбісі жойылған, жоғарыда аталған кітаптар тек сақталғандары ғана. Қожа-ишандар мен ахундардың ұрпақтары ол жәдігерлерді түрлі жолдармен жасырып ұстағанының арқасында олардың біршамасы бүгінгі күнге жете білген. Сақталған кітаптардың көбісі Османлы мемлекетінде, Үндістанда, Ресей империясының территориясында жарыққа көрген. Осы уақытқа жете алған бұл мұралар зерттеушілер үшін маңызды заттай дерек саналады және оларды бұдан кейін сақтап, аударып, зерттеу жүргізу өте өзекті.

Алғыстар

Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР22787282 «Советтік Қазақстанда сопылық: Яссауилік және ишандық дәстүр тарихы мысалында» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Zholdassuly T. Sovyet Kazakistan'ında Tasavvuf: Komünistlerin Yesevilik ve İşanlara Yönelik Faaliyeti / T. Zholdassuly // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi. – Bahar - Mart 2024. – Sayı 109. – S. 49-77.

[2] Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана / В.В. Бартольд // Сочинения в 9-ти томах: Т. II. Часть 1. – Москва: Наука, 1966. – 433 с.

[3] Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Яссауи) / Ж. Аймауытов // Алты томдық шығармалар жинағы: 6-т. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Б. – 294-304. [Жаңа әдебиет, 1929. №1].

[4] Дастанов О. «Әулиелі» жерлер туралы шындық / О. Дастанов. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1967. – 80 б.

[5] Муминов А.К. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасауи / А.К. Муминов, Б.Е. Кумеков, У.А. Султонов, В.К. Шухоцков, Д.Т. Кенжетаев, А.С. Кабылова et al. – Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. – 216 с.

[6] Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники) / И.В. Ерофеева. – Алматы: ТОО "Print-S", 2003. – 178 с.

[7] Гүлбану Әбіласановамен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. VI-түсірілім. –Қыркүйек, 2021.

[8] Ғарифолла Әбіласановпен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. VI-түсірілім. –Қыркүйек, 2021.

[9] Әлімжан Әбдиевпен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. IV-түсірілім. – Тамыз, 2021.

[10] Жетпісбаев М. Қасиетті мөр мен киелі қазан / М. Жетпісбаев // Егемен Қазақстан газеті. – 2021. – 23 қыркүйек. – Б. 1.

[11] Сайлау А. Сыр бойындағы ислам құндылықтары / А. Сайлау, Ж. Әубәкір // Uly Dala Murasy ғылыми-танымдық журналы. – 2024. – №1 (XXI). – Б. 60-65.

[12] Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі (ҚОТМ). Негізгі қорға түсетін экспонаттар есебінің түгендеу кітабы. – 2024. – №35.

[13] Көзейбаев С. Тарихи мұраны ұлықтаған жоба / С. Көзейбаев А. Сайлау // Мәдени мұра журналы. – 2022. – №1(96). – Б. 142-147.

[14] Бекболат Молдашұлымен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. II-түсірілім. – Сәуір, 2021.



[15] Шолпан Жүсіпбекқызымен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Редак: Әзиз Сейдалы. II-түсірілім. –Сәуір, 2021.

[16] Рамзи М.М. Талфйк әл-ахбәр уа талкйх әл-асәр фй уакәи‘ Казән уа Булгәр уа мулұк әт-Татәр / М.М. Рамзи. – Орынбор: «Каримов, Хусаинов және К», 1908. – 270 с.

[17] Жалғасбайқызы Л. Әмит ишаннан қалған қазына / Л. Жалғасбайқызы // Сыр бойы газеті. – 2023. – 18 наурыз. – Б. 1.

[18] Сайлау А. Сыр бойындағы ахундар мұрасы / А. Сайлау // Сыр бойы газеті. – 2024. – 6 маусым. – Б. 2.

[19] Асхат Абылаевпен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. III-түсірілім. –Маусым, 2021.

[20] Шағыров Қ. Ұрпақтары Құлболды ишан рухына тағзым етті / Қ. Шағыров // Әлімсақ журналы. – 2017. – №12. – Б. 33.

[21] Әсия Абылаевамен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Редак: Әзиз Сейдалы. III-түсірілім. –Маусым, 2021.

[22] Жұмабай Әубәкірмен болған сұхбаттың аудиожазбасы. – Қаңтар, 2023.

[23] Мақсұт Әбсадықовпен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. IX түсірілім, – Ақпан, 2022.

[24] Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар / ред. А.С. Оңғарбаев. – Қызылорда: Тұмар, 2019. – 432 б.

[25] Сахабадин Нұрымбетовпен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. IX түсірілім, – Ақпан, 2022.

[26] Ләззат Әбдірайымовамен болған сұхбаттың видеожазбасы // «Құнды жәдігер» тарихи-танымдық телехабар («Qyzylorda» телеарнасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің біріккен жобасы) / Идея авторы: А. Сайлау. Ред: Әзиз Сейдалы. IX түсірілім, – Ақпан, 2022.

[27] Сайлау А. Сыр бойындағы Ислам құндылықтары / А. Сайлау, Л. Жалғасбайқызы // Мәдени мұра журналы. – 2023. – №2 (101). – Б. 87-89.

[28] ҚОТМ. Негізгі қорға түсетін экспонаттар есебінің түгендеу кітабы. – 2005. – №11.

REFERENCES

[1] Zholdassuly, T. (2024). Sovyet Kazakistan’ında Tasavvuf: Komünistlerin Yesevilik ve İşanlara Yönelik Faaliyeti. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi*, 109, 49-77 [in Turkish].



- [2] Bartold, V.V. (1966). *Istoriya kul'turnoj zhizni Turkestana* [History of cultural life of Turkestan]. *Sochineniya v 9-ti tomah*. (Vol. II; Part 1). Moscow: Nauka [in Russian].
- [3] Aimaulytov, Zh. (2013). (Koja Ahmet Yassau) [Aziret Sultan (Khoja Ahmed Yasawi)]. *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy*. (Vol. 6). Almaty: El-shezhire. 294-304 [in Kazakh]. [Zhana adebiet, 1929. №1].
- [4] Dastanov, O. (1967). “Aulieli” zherler turaly shyndyk [The truth about “holy” places]. Almaty: Kazakstan [in Russian].
- [5] Muminov, A.K., & Kumekov, B.E. Sultonov, U.A. Shuhovcov, V.K. Kenzhetaev, D.T. Kabylova, A.S. et al. (2017). *Istoricheskie dokumenty mavzoleja Hodzha Ahmada Jasavi* [Historical documents of the mausoleum of Khoja Ahmad Yasawi]. Astana: Master PO ZhShS [in Russian].
- [6] Erofeeva, I.V. (2003). *Rodoslovnye kazahskih hanov i kozha XVIII-XIX vv. (istoriya, istoriografiya, istochniki)* [Genealogies of Kazakh khans and khoja of the 18th-19th centuries (history, historiography, sources)]. Almaty: TOO “Print-S” [in Russian].
- [7] (2021). Gulbanu Abilasanovamen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Gulbanu Abilasanova]. “Kundy zhadiger” tarihi-tanyndyk telehabar (“Qyzylorda” telearnasy men Kyzylorda oblystykh tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. VI-shot, September [in Kazakh].
- [8] (2021). Garifulla Abilasanovpen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Garifulla Abilasanov]. “Kundy zhadiger” tarihi-tanyndyk telehabar (“Qyzylorda” telearnasy men Kyzylorda oblystykh tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. VI-shot, September [in Kazakh].
- [9] (2021). Alimzhan Abdiyevpen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Alimzhan Abdiyev]. “Kundy zhadiger” tarihi-tanyndyk telehabar (“Qyzylorda” telearnasy men Kyzylorda oblystykh tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. IV-shot, August [in Kazakh].
- [10] Zhetpisbaev, M. (2021). Kasietti mor men kieli kazan [The Holy Seal and the Holy Cauldron]. *Egemen Qazaqstan*, August 23, 1 [in Kazakh].
- [11] Sailau, A. & Aubakir Zh. (2024). Syr boiyndagy islam kundylyktary [Islamic values in the Kyzylorda region]. *Uly Dala Murasy*, 1 (XXI), 60-65 [in Kazakh].
- [12] Kyzylorda Regional Museum of Local History (KRMH). (2024). *Negizgi korga tusetin eksponattar esebinin tugendeu kitaby* [Inventory book of exhibits included in the main collection]. No. 35 [in Kazakh].
- [13] Kozeibaev, S., & Sailau, A. (2022). Tarihi murany ulyktagan zhoba [The project that glorified historical heritage]. *Madeni mura*, 1(96), 142-147 [in Kazakh].
- [14] (2021). Bekbolat Moldashulymen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Bekbolat Moldashuly]. “Kundy zhadiger” tarihi-tanyndyk telehabar (“Qyzylorda” telearnasy men Kyzylorda oblystykh tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. II-shot, April [in Kazakh].



- [15] (2021). Sholpan Jusipbekkyzymen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Sholpan Jusipbekkyzy]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. II-shot, April [in Kazakh].
- [16] Ramzi, M.M. (1908). *Talfik al-ahbar va talkih al-asar fi vakai Kazan va bulgar av muljuk at tatar*. Orenburg: Karimov, Husainov zhane K [in Arabic].
- [17] Zhalgasbaikyzy, L. (2023). Amit ishannan kalgan kazyna [Amit Ishan’s treasure]. *Syr boiy, Mart 18, 1* [in Kazakh].
- [18] Sailau, A. (2024). Syr boiyndagy ahundar murasy [The heritage of the akhunds of the Kyzylorda region]. *Syr boiy, June 6, 2* [in Kazakh].
- [19] (2021). Ashat Abylaevpen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Ashat Abylaev]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. III-shot, June [in Kazakh].
- [20] Shagyrov, K. (2017). Urpaktary Kulboldy ishan ruhyna tagzym etti [Descendants bowed to the spirit of faith of Kulboldy Ishan]. *Alimsak, 12, 33* [in Kazakh].
- [21] (2021). Asiya Abylaevamen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Asiya Abylaeva]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. III-shot, June [in Kazakh].
- [22] (2023). Zhumabay Aubakirmen bolgan suhbattyn audiozhazbasy [Audio recording of an interview with Zhumabay Aubakir]. January [in Kazakh].
- [23] (2022). Maksut Absadykovpen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Maksut Absadykov]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. IX-shot, February [in Kazakh].
- [24] Ongarbaev, A.S. (Eds.) (2019). *Syr boiynyn sakraldy eskertkishteri: mifter, anyzdar, hikaiattar* [Sacred monuments of the Kyzylorda Region: myths, legends, stories]. Kyzylorda: Tumar [in Kazakh].
- [25] (2022). Sahabaddin Nurymbetovpen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Sahabaddin Nurymbetov]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. IX-shot, February [in Kazakh].
- [26] Lazzat Abdiraiymovamen bolgan suhbattyn videozhazbasy [Video recording of an interview with Lazzat Abdiraiymova]. “Kundy zhadiger” *tarihi-tanyndyk telehabar* (“Qyzylorda” *telearnasy men Kyzylorda oblystyk tarihi-olketanu muzejinin birikken zhobasy*). Author of the idea: A. Sailau. Ed: Aziz Seydaly. IX-shot, February [in Kazakh].



[27] Sailau, A., & L. Zhalgasbaikyzy. (2023). Syr boiyndary Islam kundylyktary [Islamic values in the Kyzylorda Region]. *Madeni mura*, 2 (101), 87-89 [in Kazakh].

[28] КРМН. (2005). *Negizgi korga tusetin eksponattar esebinin tugendeu kitaby* [Inventory book of exhibits included in the main collection]. No.11 [in Kazakh].

Жолдасулы Т., Сайлау А.К.

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АХУН-ИШАНОВ В РЕГИОНЕ СЫР: ОТ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА ДО НАШИХ ДНЕЙ

Аннотация. В данной статье рассматривается история духовного наследия религиозных деятелей, известных как «ходжа», «ишан» и «ахун», которые жили в регионе Сырдарьи с конца XVIII века до начала XX века. Несмотря на атеистическую политику советского периода, их редкие книги, рукописи и артефакты были сохранены потомками и дошли до наших дней. Эти исторические материалы, обнаруженные в ходе специальных экспедиций, позволяют систематизировать наследие религиозных деятелей Сырдарьинского региона и ввести его в научный оборот. Основная цель исследования – выявить значимость духовного наследия, сохранившегося со времен Советского Союза, и дать его подробное описание. Кроме того, одной из задач исследования является определение роли потомков ахунов и ишанов в сохранении этих реликвий. После распада Советского Союза интерес к религиозному наследию возрос, что привело к изучению ранее скрытых произведений. В статье данные вопросы рассматриваются на примере Сырдарьинского региона.

Ключевые слова: Советский Казахстан; регион Сырдарья; ислам; ходжа; ишан; ахун; атеизм; духовное наследие; редкие книги; ценные артефакты.

Talgat Zholdassuly, Askhat Sailau

SPIRITUAL HERITAGE OF AKHUN-ISHANDS IN THE SYR REGION: FROM THE SOVIET PERIOD TO THE PRESENT DAY

Annotation. This article examines the history of the spiritual heritage of religious figures known as “Khoja”, “Ishan” and “Akhun” who lived in the Syr Darya region between the late 18th century and the early 20th century. Despite the atheistic policies of the Soviet era, their rare books, manuscripts, and artifacts were preserved by their descendants and have survived to this day. These historical materials, discovered through specialized expeditions, provide an opportunity to systematize and introduce the legacy of religious figures from the Syr Darya region into academic discourse. The main objective of this study is to highlight the significance of the spiritual heritage that has endured since the Soviet period and to provide a detailed description of these artifacts. Additionally, identifying the role of the descendants of the akhun and Ishan in preserving these relics is a key research task. Following the dissolution of the Soviet Union, interest in religious heritage increased, leading to the study of previously hidden works. This article explores these issues through the example of the Syr Darya region.

Keywords: Soviet Kazakhstan; Syr Darya region; Islam; Khoja; Ishan; Akhun; atheism; spiritual heritage; rare books; valuable artifacts.